



Шығыстың
ұлылары

Ш. Күмісбайұлы

у 2008

1390 ½

Шақшақұлы Жәнібек

т а р и х • т ұ л ғ а • у а қ ы т



аруна
Б А С П А С Ы

Ш. Күмісбайұлы

Шақшақұлы Жәнібек



аруна
Б А С П А С Ы

ББК 63.3 (5 қаз)
К 83

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым
министрлігі ұсынған

Қазақстан Республикасы Мәдениет, ақпарат және
спорт министрлігінің бағдарламасы
бойынша шығарылып отыр

Күмісбайұлы Ш.

К 83 Шақшақұлы Жәнібек. Тарих, тұлға, уақыт. – Алматы: «Аруна»,
2005. – 96 бет. – («Шығыстың ұлылары» топтамасы)

ISBN 9965-26-063-X

«Аруна» баспасы «Шығыстың ұлылары» атты топтаманың жалғасын ұсынады. Балалар мен ересектерге арналып қазақ және орыс тілдерінде жазылған бұл көркем суретті туындыда қазақ-жоңғар соғысында ел бастаған көсем, сөз бастаған шешен, соғыста ерлігімен, ақылдылығымен танылған көрнекті қолбасшы, ел мен елді бітістірген дипломат, қазақ елінің батыры Шақшақұлы Жәнібектің сегіз қырлы бір сырлы қасиеттерін жүйелей отырып өмірі мен күрес жолдары толық әрі әсерлі баяндалады..

К $\frac{0503020905}{00(05)-05}$

ББК 63.3 (5 қаз)

Барлық құқығы қорғалған. «Аруна» баспасының жазбаша рұқсатынсыз кітаптан үзінділерді, суреттерді көшіріп басуға болмайды.

ISBN 9965-26-063-X

© «Аруна Ltd.» ЖШС, 2005

Мазмұны

Батырлық бабадан дариды.....	4
Бата алған бала.....	14
Қарақцидағы құрылтайда.....	25
Алашқы сын.....	29
Ауылға оралғанда.....	34
Сартай бастаған мың бала.....	38
Белдеуев байланған ат.....	45
Жаппастан қосылған бес жүз сарбаз.....	48
Байғозының батыр атануы.....	51
Тұс.....	54
Тарту.....	57
Қашқан жауға қатын да батыр.....	60
Бес ағайынды Бармақ батыр және бөліс.....	61
Әл бастаған көсем.....	65
Моп бастаған шешен.....	82
Сөз соңы.....	88

Батырлық бабадан ғариды

Үлкендердің: «Тфә, тфә, тілім тасқа! Жәнібектен елді қорғар батыр шықпаса, көр де тұр. Әйтпесе, жұртты аузына қаратқан би атанады, тұқымында бар ғой» деген күбірлескен әңгімесі жиі естілетін. Бұл сөздердің жаны бар.

Жәнібектің бабасы Шақшақ Орта жүз арғын ішінде өзі батыр, өзі би болған адам екен. Бес жасынан садақ тартып, найза ұстап, ерекше қасиетімен елге ұнапты. Аңыздарда Шақшақ он жетісінде Есім ханға (1598 – 1628 жылдар аралығындағы хан) ерген көрінеді.



Халық арасында Есім хан «еңсегей бойлы ер Есім» аталып кеткен. Шақшақ батыр ойрат тайшыларымен де, Бұхара ханымен де, Тәшкен әмірімен де өткен соғыстарға қатысады. Осы жәйттерге қарап, Шақшақ Есім ханның барлық жорықтарында бірге жүрді деген қорытынды жасауға болар.

Қазақ дұшпансыз болмаған, барымтасыз күн кешпеген. Сондай күндердің бірінде Еділдің арғы жағасына өту қажет болады. Бұл жауға қапыда тиісу үшін жасалмақ әрекет еді. Буырқанған өзеннің жағалауына жақын келгенде аттары үркіп, ел іркіліп қалады. Араларынан ешкім жол бастай қоймаған соң, он алты жасар жасөспірім жігіт ала тайымен «Аманжол!», «Аманжол!» деп ұрандап суға қойып кетеді. Қалың қол амалсыздан соңынан ереді. Жауға тосыннан тиген қазақтар жеңіске жетіп, мол олжаға кенеледі. Кейіннен әлгі жасөспірімнің арғынның Ермен әулетінің үшінші ұрпағы Шақшақ екені белгілі болады. Ұраны – өз әкесінің аты Аманжол. Бұл Шақшақтың алғашқы ерлігі еді. Бұған дейін ол жасынан билік айтып, қара қылды қақ жарған, алдынан бітпей дау, айтылмай сөз кетпеген шешен атанған болатын.

Шежіре бойынша Арғын бабадан (тоқалынан) тарайтын Аманжолдан Әйдерке мен Шақшақ туады. Шақшақтан: Бақай, Көшей, Дүзей, Ақназар, Есназар, Томай таралады. Ал Көшейдің қалмақ әйелінен туған алты ұлы болған. Олар: Үмбетей, Аю, Қожамбет, Қошқар, Қарабас, Тіней. Бұларды жұрт алты Қошқар деп атап кеткен. Қошқардан Тінібек, Тұрлығұл және Жәнібек туады.

Бірде Шақшақтың алты ұлының бірі – Көшейдің жаңадан үйленген жас келіншегін қалмақтың батыры ұрлап алып кетіп, қонтайшыға сыйға тартады. Көшейдің тетелес інісі Дүзей бұған намыстанып, жеңгесінің артынан қуып барады. Ол сол сапарында



жеңгесімен жолығады. Ақылды әйел «болары болды, бояуы сіңді» деп, елге қайтпай, Дүзейге қонтайшының Қарашаш есімді кіші қызын ұрлап алып кетуіне көмектеседі. Елге жеткен соң Дүзей әлгі қалмақ қызын Көшейге қосады.

Жас келін ешкіммен сөйлеспей, күні-түні қайғырып, алыста қалған төркінін ойлаумен жүреді. Күндер өтіп, Қарашаштың бойына бала бітіп, Шақшақтың малындағы арқар мүйізді ала азбан қошқардың етіне жерік болады. Соған қарамастан, туған үйіне деген сағынышы молайып, екі рет еліне қашпақ болып әрекет жасайды. Екі жолы да қолға түсіп, үйіне алып келінеді. Үшінші рет үйде күйеуі Көшей жоқта Қарашаш тағы да қашады. Бұл уақытта аяғы ауыр жас келіншектің босанар мезгілі жақындап қалған еді. Қарашаштың соңынан қайнысы Дүзей қуып келіп, ұстап алып:

– Бір емес, үшінші рет қашып тұрсың. Ешкім сені ұрып-соғып, қорлаған жоқ. Ел алдында әбден масқара қылып біттің. Онан да біржолата көзіңді құртып тыныш болайық. Сені ағама қосқан мен едім. Сондықтан не істесем де өзім жауап беремін, – деп, келіншекті қорқытпақ оймен алдаспанын суырып алып, шауып тастауға ыңғайланғансиды.

Сонда жеңгесі Қарашаш Дүзейдің бетіне күле қарап:

– Өлтірсең өлтір. Өлтіргенің мен үшін тіпті жақсы. Тыныш табар едім. Бірақ есінде болсын, менімен қоса еліңе алып тұлға, асқар бел болар адамыңнан да айрыласың. Ішімдегімді өзіммен бірге ала кеткенім – сендерден кек алғаным. Егер мұны еліме алып барған болсам да, ол елімді қырып-жойып қан қылған жауымнан түбінде кек алар еді. Құрсағымда алып ер жатқанын қошқардың етіне жерік болғанымнан-ақ білмейсіңдер ме? Енді өлтіре бер, – дейді.

Мына сөзден соң Дүзей райынан қайтып, Қарашашты үйіне алып келеді. Жеңгесінің айтқанын әкесі Шақшаққа жеткізеді. Қуанған батыр келінін күзеттіріп, жақсы күтімге алады.

Айы-күні жетіп, тоғыз ай, тоғыз күн дегенде ұл туып, атын Қошқар қояды. Сол Қошқардан ер Жәнібек туады.

Бір қызығы қалмақ қызы Қарашаш Қарабас бураның етіне жерік болғанда Қарабас деген ұлын, аюдың етіне жерік болғанда Аю деген ұлын өмірге әкелген екен.

Ауыл қарттары кейде бұл әңгімені өрбітіп:

– Жәнібек, сен анаңның бойына бітерде Шақшақ бабаң түс көріпті. Түсіне Ақжол би кіріп, «Шөберелі боласың. Есімін Жәнібек қой» деп аян беріпті. Оның үстіне анаң қара бураның жүрегіне жерік болып, жабайыланып кеткен жануарды қыста жыңғыл шайнап, күйіс қайырып, жазда бұйырғын* мен жусанға, изен мен жантаққа жардай боп семірген шағында әкең Қошқар өзі атып алыпты. Он екі тұтам сұр жебе алқымнан өтіп барып, жүрекке қадалса керек. Қошқар батыр бураның төсін айырып жіберіп, жүрегін суырып, өркештерін сылып алып, қоржынына салып анаңа жетіпті. Міне, солай. Сен жаман болмауға тиіссің, – дейтін.

Шындығында олар Жәнібекті шын көңілімен жақсы көріп, ол десе ішкен астарын жерге қоятын. Қашан болсын балаларына да:

– Әне, Жәнібекті көрдіңдер ме? Қандай ақылды бала. Тфә, тфә, – деп жатқаны.

Жәнібек ойлап қараса, басқалардан асып бара жатқан ешнәрсесі жоқ. Ел қатарлы асау үйретеді. Ат тағалайды. Палуандығы да бар. Күресуден өз қатарластарын шақ келтірмейтіні рас. Оған ептеп өлең шығаратынын қос. Аңыз-әңгімелерге де жаны үйір.

**бұйырғын – тақыр, құмды жерлерде өсетін басы бүршікті, жапырағы жоқ, аласа өсімдік.*



Әдетте, адамның бала кезінде тыңдаған әңгімесі өмір бойы есінде қалады. Жасында естіп, құлағының құрышы қанбаса, буыны қатайған соң кісі жадына сөз жатталуы қиын. Нақтылай айтсақ, адамға білім, білік, өнеге үйрететін, оны алға ұмтылдырып, талпыныспен тау асыратын да осы балалық шақтағы ақылға сіңіп, зейін қойып тыңдаған әңгімелері емес пе! Бала күнгі құлақпен естігенге не жетсін.

Бала Жәнібекке атасының құлақ құрышын қандыра айтатын аңыз-әңгімелері құранның сөзіндей жайлы әрі көңілге қонымды. Оның үстіне үлкен кісінің әр адамның есімін нақтылап айтып, әр сөзге ден қойып, түп мағынасын тереңдеп ұқтыратыны ұнайды.

Атасының айтуынша, қазақтар дүниеге келген нәрестеге ат қоюға аса үлкен мән берген. Бай-бақуатты болсын, бек болсын деген ниетпен бала есімдеріне «бай», «бек» сөздерін қосқан. Мысалы, Жұмабай, Жылқыбай, Алтынбек деген есімдер осыдан шыққан. Ал ерлік көрсетіп, жауға шауып, қайратын танытқандарды батыр, елге билік айтқандарды би атандырған.

Сол сияқты батырлар мен атақты билердің атын өз баласына қою да қазақта көп кездесетін дәстүр. Мысалы, кеңінен таралған сондай есімнің бірі – Жәнібек.

Дегенмен, Жәнібек атаулы тұлғалардың қазақ арасында көптеп кездесуіне орай, оларды бір-бірімен шатастыруға болмайды. Мәселен, Шақшақ Жәнібектің алдында шамамен екі ғасырдай уақыт бұрын Әз-Жәнібек өмір сүрген. Ол Шыңғыс хан әулетінен шыққан ақсүйек, төре тұқымы еді. Моңғол шапқыншылығынан кейінгі уақытта қазақ ұлысының шаңырағын қайта көтеріп, қазақ мемлекетін құрған осы Жәнібек пен Керей хан болғаны белгілі. Мұны әрбір қазақ баласы жадында ұстағаны жөн. Екеуі де хан тұқымынан. Болатұлы Керей хан мен Барақұлы Жәнібек хан – Көк Орданы билеген Өріс ханның шөбере-шөпшегі.

Әз-Жәнібектен кейін ұлтқа еңбегі сіңіп, жалпы қазаққа аты шыққан адамдардың бірі – Шақшақ Жәнібек Тархан. Туған жылы белгісіз. Жоғарыда айтылғандай, ол – Шақшақтың Көшей деген баласынан тарайтын алты ұлдың бірі Қошқардың баласы.

Жәнібек батырдың заманында, яғни қалмақ пен қазақ жаугершілігінде ерлігімен ел есінде қалып, есімі хатқа түскен тағы үш Жәнібек бар. Солардың бірі – сұлтан Жәнібек. Бұл – Әбілқайыр ханның туған күйеу баласы. Ол – қайын атасының жұмсауымен Петерборға, жоңғарларға барып, елшілік істерімен әйгілі болған, жалпы жұртқа себі тиген азамат. Екіншісі – Орта жүздің божбан руынан шыққан Жәнібек. Оны қазақ арасын бұзарлық әрекеттері үшін Абылай хан жазалаған.

Бұлардан кейінгі кесек тұлға – Керей Жәнібек. Ол басқа Жәнібектердің бәрінен кіші, Ертіс бойындағы абақ керей Бердәулет дегеннің баласы. Айтулы батыр, абзал азамат, ел тұлғасы атанған адам. Оның Жәнібек атануының өз тарихы бар.


Бердәулет Қаз дауысты Қазыбектің қызына үйленіп, сәбилі болғанда, алыстан ат шаптырып, өзі өте жақсы көріп, құрмет тұтатын Жәнібек Тарханды шақыртады. Төрге батырды отырғызып:

– Баламның атын өзіңіз қойып, батаңызды беріңіз. Жебей жүріңіз, – дейді Бердәулет. Сонда:

– Бесігін көргенде көңілім толды, өз атымды қояйын, – дейді Жәнібек. Жағалай малдас құрып отырғандар қолдарын жаяды.

Азан шақырып, «атың – Жәнібек!» деп есімін үш рет құлағына дауыстайды. «Біреулерге атын ататып боқтатпа, ат жалын тартып мінгенде, алған бетінен тоқтатпа» деп батасын береді.

Кейінірек Жәнібек батырдың жасы ұлғайған кезінде өз балаларына енші үлестіріп бергенін естіп, кіндік баласы Жәнібек те ат сабылтып жетеді.



Арғын

– Менің де еншімді беріңіз, – дейді ол.

Қазақтың керемет астарлы да адам сүйсінер мейірбан ырымдарына, дәстүріне таңданбасқа шараң жоқ. Барын өз балаларына үлестіріп қойған Жәнібек батыр не істерін білмей қалады. Әкесінің күйін сезген кенже баласы, қарашаңырақтың иесі Тоқтамыс сөзге араласып:

– Айтқаны жұмбақ боп естілсе де, алыстан ат терлетіп келуі тегін емес. Іні еншіден үлес сұраса, ырыс бөліспесек жөн болмас. Байқауымша, бұл батыр дүние қуып келмеген шығар. Ата-бабадан қалған дәстүрмен жол қуып, ырым етіп келген сияқты. Сіздің сауытыңыз бен найзаңыз осы ініміздің еншісіне лайық қой деймін, – дейді.

Бұл кесімге Шақшақ Жәнібек риза болады. Сөйтіп кіндік баласына арнайы қонақасы беріп, құрметпен жолға шығарып салыпты. Аттанарында батыр:

Керей деген елің көп –

Ел айналар шешен бол!

Жағаласар жауың көп –

Жауға шапсаң, есер бол!

Ел ішінде дауың көп –

Жұрт алдында көсем бол!

Жабылған жауды жапырып,

Шайқасқанда есен бол!

Жекеге шықсаң желденіп,

Жауыңның басын кесер бол!

– деп бата береді.

Бата қабыл болды ма екен, Керей Жәнібек ел ішінде елеулі, халқы ішінде қалаулы азамат саналып, көпке ақыл айтар кемел кемеңгер атанады.

Бата алған бала

Сонау ерте көктемде Шақшақ атасы он төрт жасар Жәнібекті ойнап жүрген жерінен шақырып алып, жанына отырғызып, сақалдары белдеріне түскен көп шалдардың көзінше:

– Әй, құлыным, дүниеге шыр етіп түсіп, одан апылтапыл басып, жылдар өте оң-солын тани бастаған шағында бала ат мініп, білегіне қамшы іліп жолға шығатын. Үлкендерден бата алатын. Нағашысынан бәсіре* мінетін. Бұл – атам заманнан бері атадан

**бәсіре – балаларға меншіктеген, арнайы ен салынған мал, мүлік.*



балаға енші болып қалған мұра. Осы бір қасиетті де қадірлі дәстүрімізді ұмытып кетіп жүрме, – деген болатын.

Содан бері Жәнібек атасының сөзін жиі-жиі есіне алып қойып, нағашыларына барар уақытты тағатсыздана күтіп жүрді. Біраз уақыт өткен соң атасы көрші-қоланды жиып жіберіп, сонау бірдегі айтқанын тағы қайталады.

– Әй, батырым, – дейді Жәнібекті еркелетіп. – Сен бүгін нағашы жұртыңа аттанасың. Оң-солыңды танитын шаққа жеттің. Бұл сенің алғашқы сапарың.

Жәнібек басын изеді. Ауылдың он шақты бозбалалары қасына еретін болыпты.

– Бас-көз болсын деп қасыңа Өтебай мен Жолайды қостым. Ақылды бол. Елдің мазағына қалып жүрме.



Жолың оңғарылсын! – деп бетін сипады. – Бәсірен ұшқыр болсын!

Сонымен Жәнібек ұлы атасы Шақшақтың жіберуімен нағашы атасы Ұлы жүз бектас руынан шыққан Уәлі Қарабидің еліне келді.

Бұл дүниеде баланы жақсы көрмейтін адам жоқ шығар, сірә. Қалай дегенде де бала анасына жақын. Ал анасының шыққан ұясы балаға неге бөтен болу керек? «Баланың өз жұрты міншіл, қайын жұрты сыншыл, нағашы жұрты – бәйтерек» деген ұлы қағиданы атам қазақ бекер айтпаған да шығар.

– Шақшақтың немересімін. Нағашы атам Уәлі Қарабиді іздеп келемін, – дегенге анасының әкесі қуанып, мәз-мәйрәм болды.

– Жарайсың, жігітім. Әкелші маңдайыңды, – деп құшақтасын кеп.

Жәнібектің келуіне арнап мал сойылып, дүрілдеп той өтті. Нағашысының есігінде жүргендерден:

– Атаң нағыз байдың өзі, – деген сөзді де естіп қалған.

Шындығында да солай екен. Жиеннің бәсіресі таңдалып қойыпты.

Қазақта дәулеттілік жылқымен есептелген. Екі мың бас Қамбар Ата түлігі біткен Уәлі Қараби нағашысының табынындағы жылқының ішінде Тобышақ деп аталған асқан жүйрік биесі бар еді. Онысы жиырма алты жылда бір құлындап, сол құлынын бесті шығарып жанына ертіпті. Бұған Уәлі Қараби өз балаларының да қолын тигізбей жүріпті.

«Жиен мыңнан, күйеу жүзден үлкен», «Нағашы – бәйтерек» деген қағидаларды есіне алған болар, әлде жақсы қасиеттері нағашыдан жұқсын деді ме екен, жиеніне Бектас Уәлі Қараби әлгі бестіні атады. Жәнібек бұған риза болып, қатты қуанды. Бір қызығы, бестіні бес-алты жігіт қаумалап ұстамаққа жиырма

бес бұғалық тастаса да, шу асау маңына жолатпады. Жылқыны қуа-қуа қажыған нағашылары ақыры:

– Жиен мінісін өзі ұстап алсын, – десті.

Шындығында бесті нағыздың өзі еді. Шабысы жан шыдатпайтын, қоян жон, салқы төс, марал бас, сұлу күреңнің көздері жыланкөзденіп, ат басын қоя берген кезде жүрісінің майдалығынан жалы бұрқырап салатын еді. Бөкен қабақ, қабылан кеуде, құлан тұяқ.

Қызығып кеткен Жәнібек жылқыны иіріп, жайлап жақындап кеп, шоқтығы мен кекілінен тұқырта ұстап, шыңғырғанына қарамастан жүгендеп, ер салып, үстіне қарғып мінді. Жылқы иісі бар дегені осы шығар. Әншейінде кеудесін кере мақтанып, «талай қылқұйрықты тырп еткізбегенбіз» деп есетін ауыл жігіттерінің осы арада үні өшті. Нағашысы жиенінің мына қылығына қарап сүйсініп, елге мақтанып есі шықты.

Біраз уақыт өте Жәнібек еліне қайтуға қамданды.

Сапарға аттанар алдында нағашысы ту бие сойғызып, жол-жоралғы жасады. Палуан күресінде жеңгені үстіне кілем жапқан нар алды, көкпар, қыз қуу жарыстары ел көңілінен шықты. Жорға салысып, садақ тартысты. Той соңынан бектас Уәлі Қараби Жәнібекті шақырып алып:

– Ал, қолыңды жай. Нағашы атамның маған берген батасы еді деп есіңе алып жүргейсің, жадыңнан шығармағайсың, – деді.

Бедері жоқ қамқадан,

Берік тоқылған бөз артық.

Берекесі жоқ ағайыннан,

Берік сөйлескен сөз артық.

Пайданы алыстан қылғайсың,

Залалды жақыннан қылғайсың,

*Тышқан да інінен алыстап оттайды,
Оны да есіңе алғайсың.
Қайтып кірер есікті,
Қатты серпіп жаппағайсың.
Қайтып көрер досыңа,
Қайырылмастай сөз айтпағайсың!..
Алла тағала осы сөзімді қабыл қылсын!
Жортқанда жолың болсын!
Жолдасың Қыдыр болсын!
Әумин!*

Сөйтіп бұл бесті Күреңқасқа атанып, тарихта Жәнібектің жоңғар-қалмақ басқыншыларына қарсы соғыста мінген аттарының бірі болып қалды. Осы бір мінісімен батыр бабамыз небір жанкешті соғысты бастан өткергені белгілі.

Нағашы атасынан бәсіре мініп қайтқан Жәнібекке тағы да жол түсті. Ерте ғасырдағы әдетпен жолды нұсқаған тағы да атасының өзі. Күреңқасқа атпен желдірткен Жәнібек Бірқазан көлін жайлап отырған, сол жылы жүз жиырма алты жасқа шыққан найман Абылдың ауылына бет түзеді. Жанындағы серіктерімен бірге ат тізгінін тартып, қартқа сәлем берді.

– Уа, кімсің? – деді қарт.

– Шақшақ батырдың шөбересімін, – деді Жәнібек.

Мұны естіген қарт қуанып, елін жиып қонақасы сойғызады. Абыл қарт Жәнібектің бесінші атасы Аманжолмен тетелес, еңсегей бойлы Ер Есім ханның жорықтарына қатынасқан адам еді. Көзі оттай жанып тұрған баланың басқан қадамын бақылап, кем-кетік таба алмай риза болды қарт. Жәнібекке өз ақылын айтудан жалықпады.



– Би болғың келсе, мүсәпірге қол ұшын бер, ұрыста туыңды жықпа, олжаны аямасаң, досыңды жоғалтпайсың.

Мыңнан ақыл сұрама, бірден сұра. Қару ұстасаң, мылтық ұста, жау шапса – қаруың, қарның ашса – тамағың, шаршасаң – таяғың. Әйелді жас кезіңде сүй. Жігіт – жасында патша, қыз – патшайым. Ақылым осы, – дей келіп ақ батасын берді.

Бағың жоғары өрлесін, балам,

Дұшпаның шеніңе келмесін, балам,

Абыройың таймасын, балам,

Басыңа бақыт құсы орнасын, балам, –

деп ақ жол тілеп, Жәнібекті шығарып салды.

«Батаменен ел көгерер, жаңбырменен жер көгерер» дейді халық. Бата көптік етпейді. Байқаса, үлкеннің сөзі – ұлағат, батасы – бақ тілеу екен. Өмірдің өзі жол сияқты бұралаң-бұралаң. Сол бұралаңда жолы болып жатса несі айып.

«Заманына қарай – заңы, тоғайына қарай – аңы» демекші, Жәнібек бала енді сонау Еділ–Жайықты жайлаған алшындарға жол тартты.

Бұл кезде алшындар Сыр бойына көшіп келген еді. Ол Кіші жүз еліндегі соқыр Абыздың әңгімесін естіп, от ауызды, орақ тілді шешеннен бата алуды армандаған еді.

Көп ұзамай іздеген ауылына да жетті. Жәнібек серіктерімен Абыз атаның үйіне кіріп, қамшы ұстаған оң қолын кеудесіне басып, басын иіп, оң тізерлеп отырып:

– Ассалаумағалейкум! – деп сәлем берді.

Соқыр Абыз әбден қартайып, екі жағын жібек орамалмен таңып тастапты.

– Қай ұлсың? – деп сұрады ол.

– Қошқардың ұлымын, – деді Жәнібек.

– Қошқардың адам иісті бір ұлы бар деп еді, сол болармысың?

– Болсақ болармыз. Осы жақтағы қарт атамыздың батасын алайын деп келіп едім.

– Е, сөз бастап, би болайын деген ұл екенсің. Қолыңды жай, – дейді соқыр Абыз.

*Ел бастап жөн алайын деген ұл екенсің,
Қол бастап жау алайын деген ұл екенсің,
Алдыңа келсе, әділдігіңді аяма,
Аймағың кетпес алдыңнан.
Олжа тұссе, олжаңды аяма,
Жолдасың кетпес жаныңнан.
Жолдастың мыңын алма, бірін ал,
Мың кісіге бір кісі олжа салады
Сол мың кісінің бірі бол,
Бірі болсаң ірі бол!
Әумин!*

Жанындағы жолдастарын ертіп жас Жәнібек енді ат басын Кіші жүздегі тоқсанға келген Тайған бидің қонысына қарай бұрды. Би ауылы көшіп барады екен. Жолай ұшырасып қалып, Жәнібектің қартқа ат үстінен сәлем беруіне тура келді.

– Жігітім, қай ұлсың? – деп би шамдана сұрады.

– Қошқардың ұлымын, – деді Жәнібек.

– Не қып жүрсің?

– Осында бір қарт атамыз бар дегенді естіп сәлем беріп, ақыл сұрамақ едім.

– Е, азуы алты қарыс арғынның Қошқарұлы Жәнібегі. Алшынның алжыған шалын келемеж қылып кетемін десеңші, – деді Тайған би ызбарланып.

«Мен сөз сұрайын деп келсем, көңілімді қайтарғаны несі?» деп Жәнібек өкпелеп, атының басын бұрып, алға оза берген. Сөйтсе, би мұның жүрген жолын, барған елін біліп отыр екен.

– Әй, Жәнібек, – деді сонда би. – Атыңның басын бұрма. Көңілімді қалдырды деп ренжіме. Бектас Уәлі



Қараби мен Абылдан, соқыр Абыздан бата ауысып,
бізге қайдан келсін. Сол әулиелердің айтқаны келсе,
аз болар деймісің, – деп сөз аяғын күмілжи бітірді.

Сонда Жәнібек Тайған биге жалт қарап:

– Бектас Уәлі Қараби дулығам болса, Абыз бабам –
қалқаным. Абыл атамның айтқаны – көк найзам. Сіздің

